



# БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ПАСПОРТЫ

- **6B01303 Бастауыш білім ақпараттық-коммуникациялық технологиялармен**

<b>БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МАҚСАТЫ</b>	Білім беру қызметін жүзеге асыруда психологиялық және ақпараттық қауіпсіздік талаптарын ескере отырып, өз мүмкіндіктерін жүзеге асыруға мүмкіндік беретін негізгі құзіреттіліктерді меңгерген білім берудің бастауыш сатысы үшін педагогикалық кадрларды даярлау.
<b>КӘСІБИ ҚЫЗМЕТ САЛАСЫ</b>	<ul style="list-style-type: none"><li>- білім беру;</li><li>- тәрбиелік;</li><li>- әдістемелік;</li><li>- зерттеушілік;</li></ul>

## ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛЕ РІ (ОН)

ОН1 - Құқықтық және экологиялық білімді пайдаланады, жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар жүйесіне олардың біртұтастығын көрсетеді;

ОН2 - білімін қазіргі заманғы лингвистика саласындағы теориялық негіздер мен ережелер тәжірибесінде қолданады, мақсатты тілдерде қарым-қатынас жасайды: қазақша Т1, орысша Т2, ағылшынша Т3, лингвистикалық мәдениет;

ОН3 - психикалық, психофизиологиялық дамудың жалпы, спецификалық және жеке сипаттамаларын және инклюзивті білім беру құндылығын есепке алу құралдарын қолдана біледі;

ОН4 - салауатты өмір салты технологиясын қолданады, студенттерді психологиялық қолдау негіздерін біледі, мәдени қажеттіліктерді жүзеге асыру үшін орындаушылық, вокалды-хор, көркем әрекет, эстетикалық, рухани сапалар негіздерін игереді;

ОН5 - кәсіпкерлік идеяны іске асыру формаларын қолданады: бизнес-жоспар және техникалық-экономикалық негіздеме; іскерлік шешімдер қабылдау үшін қажетті тез өзгеретін экономикалық ақпараттың рөлін түсінеді;

ОН6 - оқыту мен тәрбиелеудің әртүрлі теорияларын қолданады, оқушылардың субъективтілігін, коммуникативтілігін, адамгершілік пен толеранттылықты, ынтымақтастық және сыни ойлау қабілетін дамыту үшін оқыту мен тәрбиелеуде әдіснамалық тәсілдемелерді қолданады;

ОН7 - білім беру үдерісінде жас ерекшеліктеріне сәйкес әр түрлі іс-әрекеттерді, заманауи цифрлық, ақпараттық және коммуникациялық технологияларды ұйымдастыру амалдарын қолданады.

ОН8 - бастауыш мектеп пәндерінің мәнін, олардың теориялық, әдіснамалық және әдістемелік негіздерін бағалайды; оқушының жетістіктерін критериалды бағалауды қолданады;

ОН9 –оқу-тәрбие үдерісінің мазмұнын талдай алады, барлық субъектілердің әрекетін бағалай алады, заманауи әдістерді, оқыту технологияларын жобалайды, таңдайды және қолданады, бастауыш сынып пәндері бойынша оқу сабақтарын жоспарлайды және жүргізеді, кері байланыс алудың әдістері мен құралдарын игереді, рефлексия әдістері мен тәсілдерін қолданады; жобаны басқарудың теориялық негіздері мен базалық тұжырымдамалары туралы білімді меңгереді.

ОН10 - теориялық білімді практикада қолданады, практикалық қызмет саласында педагогикалық шеберлік пен зерттеу дағдыларын дамытады; бастауыш білім беру АТ-өнімдерін жасауға қабілетті.

ОН11 - психологиялық-педагогикалық зерттеу әдістерін модулдейді, өнімді жасау үшін гипотезаны, құбылысты немесе оқиғаны жүйелі түрде түсіндіру үшін әртүрлі дереккөздерден ақпаратты талдайды, жинақтайды, шығармашылықпен түрлендіреді.